

Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

21.02.2023 жыл
Сағ: 16.30

№5

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің мәжіліс залы.

Қатысқандар: Аудан әкімінің орынбасарлары, Бейнеу жол дистанциясының, Бейнеу станциясының, «Бейнеу желілік-өндірістік басқармасы» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ «Бейнеу» желілік-өндірістік диспетчерлік станциясы, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшылары мен өкілдері.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 11 (он бір) мүшесі қатысып отыр. Қалған 4 (төрт) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

Бейнеу ауданындағы жұмыссыздық мәселесін шешу туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері өндірістік мекеме басшыларына қоятын пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Қалданов: Ұлттық компанияларға (ҚТЖ, МРЭК, ЛПДС, КС) қатысты бос штаттар сайттан көрінеме? Жұмыссыздыққа тіркелген азаматтарды өндірістік мекемелерге орналыстыра аламызба?

Жауап: аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қ.Назарханов: Аудан бойынша барлық бос жұмыс орындары Еңбек Кз сайтында жарияланады.

Кез-келген мекемелерге қажетті азаматтық қызметкерлер 5 күнге жариялануы керек. Олар сұраған мамандар болмауы мүмкін. Олар тек арнайы

Кез-келген мекемелерге қажетті азаматтық қызметкерлер 5 күнге жариялануы керек. Олар сұраған мамандар болмауы мүмкін. Олар тек арнайы мамандар сұрайды. Олар сұратқан мамандар ресми тіркеуде тұрған адамдар арасында болмауы мүмкін. Сұратқан мамандары бойынша жұмыссыз адам түйіндеме тапсыруға болады.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Қалданов: Алдағы уақытта Ұлттық компаниялар мен өндірістік мекемелер халыққа бет бұрып, бос жұмыс орындары бойынша аудандық жұмыспен қамту, әлеуеттік бағдамалалар және азаматтық хал - актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қ.Назархановпен бірлесе отырып, келісім-шарт жасап, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдауды ұсынамын.

Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар, Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселені толықтай қарап келесідей ұсыныстарды қарар етеді:

1. Ұлттық компаниялар мен өндірістік мекемелерге бос жұмыс орындарына ресми тіркеуде тұрған жұмыссыз азаматтарды тартуды;
2. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін меморандум жасақтауды;
3. Алдағы уақытта өндірістік мекеме басшыларымен бірлескен отырыс ұйымдастыруды.
4. Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан түскен ұсыныстар қаперге алынсын.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы



Қ.Бортанова